

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЖЫРЛАҒАН ҰЛЫ ДАЛА ТҰЛҒАЛАРЫ ИСТОРИЧЕСКИЕ ЛИЦЫ В ТВОРЧЕСТВЕ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА CIVIL

Г.С. ҚҰРМАНБАЙ*
Ж. МАҒҒЫШЕВА*

Аңдатп: Бұл мақалада ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы тарихи тұлғалар сөз болады. Тарихи тұлғаларды суреттеу арқылы ақын қазақ халқының тарихын, тарихты жасаушы тұлғалардың және ұлттық құндылықтарды дәріптейді. Жалпы ақынның тарихи шығармалары жастарға елжандылық рух, патриоттық сезім сыйлайды. Мақаланың мақсаты: жастарды, ізденуші ғалымдардың ақын шығармашылығына қызығушылығын ояту.

Тірек Сөздер: *Тарихи Тұлға, Тұран, Елжандылық, Рух, Қазақ Жерінің Қартасы, Патшалық Ресей, Цин Империясы.*

Concepts Of Magzhan And Individuals Magzhan Praized In His Songs

Annotation: This article discusses historical figures in the works of the poet Magzhan Zhumabayev. Describing these figures, the poet celebrates the history of the Kazakh people, the creators of history, and national values. Overall, the poet's historical works instill in the youth a love for their homeland and a sense of patriotism. The goal of the article is to arouse interest among young people and researchers in the poet's creative works.

Key Words: *Historical Figures, Turan, Patriotism, Spirit, Map Of Kazakh Land, Russian Empire*

Мағжан Жұмабаев Кім?

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Жұмабаев ауданы, Мағжан аулында дүниеге келген. Төрт жасында мектепке барған, Қызылжардағы медреседе 4 жыл оқып, орталау білім көлеміндегі пәндерді және араб, парсы, түрік тілдерін үйреніп шығады. Шығыс әдебиетін түпнұсқадан оқи алатын дәрежеге жетеді. 1910 жылы 17 жасында Уфадағы «Ғалия» медресесіне түседі. Атақты татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимов ұстазы болады. 1912 жылы Қазанда «Шолпан» атты тұңғыш кітабы жарық көреді. 1913-1917 жылдары Омбыдағы мұғалімдер семинариясында, 1923-1927 жылдары Мәскеудегі Брюсов жетекшілік еткен әдебиет-өнер институтында білім алады. 1938 жылы «халық жауы» деп Кеңес өкіметі Мағжан Жұмабаевты ату жазасына бұйырды.

Мағжан – ағартушы-педагог, ақын, жазушы, журналист, қоғам қайраткері, халық патриоты.

Патшалық, Кеңестік отарлау саясатына қарсы шыққан, ұлтының жоғалмауына күш жұмсаған алаштың арысы.

Мағжан мен үшін кім, мен оның қандай сөзін қайталап айта беремін?

«Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр». [1]

Мағжан Жұмабаев Шығармашылығының Қайнар Бастаулары Қайда Жатыр?

Шығыстың классикалық әдебиетінде, Түркі жұртының тарихында, қазақ халқының салт-дәстүрінде, тілінде, ауыз әдебиеті мен өнерінде жатыр. Мағжан осы әлемнің төл перзенті.

Неге Мағжан Тарихи Тақырыпты Жазуға Құштар?

* Профессор Доктор, Назарбаев Университеті, Педагогика Ғылымдары. gkurmanbay@nu.edu.kz

Себебі қазақ тарихында адамзаттан ұялатын қылмыс жоқ, жаулап алу жоқ, қорлау жоқ. Қазақ деген халық мінезге бай, сабырлы, мейірімді, қонақжай, елі мен жерін сүйетін, оны қорғай алатын, арын жанынан артық көретін халық. Оның ұлан байтақ жері бар, жер асты, жер үсті байлығы бар еркіндікті сүйетін азат ел. Сондай елді елдігінен айырып, жерін тартып алған, байлығын тонаған, елім деген азаматтарын аяусыз қырған Ресей патшалығына да, сол дәстүрді жалғастырған Кеңестік жүйеге де Мағжан ақын қарсы болды.

Тәуелсіз Қазақ Елінің Ұрпағына Мағжан Шығармалары Не Береді?

Мағжан шығармаларын құр, ойсыз жаттатып, мақтай бергеннен жастарға да, Мағжанға да пайда жоқ. Оның орнына «тәуелсіз ел болуды Мағжан неге аңсады? Ол үшін ол не істеді?» деген сұраққа жауап берсе, бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің жастарына сол пайда. «Мен жастарға сенемін» деп, осыдан бір ғасыр бұрын қазақ жастарына: «Жастар, Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі алыңдар. Елдіктен, ерліктен айрылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар. Күнді – түн, жақынды – жат, пайданы – зиян деп жүрген, толық саяси құқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлаңдар»[2]. Жүз жылға жуық уақыт өтсе де, бұл бүгінгі жастар үшін бағдарлама.

Мағжан ақынның шығармашылығындағы айдан анық бір мәселе –оның елжандылық, елшілдік рухы. XX ғасыр басындағы қазақ жеріндегі саяси жағдайға қарсылығын ақын өлеңдері арқылы жеткізеді. Ресей үстемдігінің қай форматы болса да қазақ үшін қасірет екенін жүрегімен сезеді. Ақын халқының ежелгі тәуелсіздігін аңсайды, ол өткен күн «Күн» еді енді міне «түн заман» келді дейді.

Заман қашанда өзінің тарихи ірі тұлғаларымен кейінгі ұрпаққа шежіре тарих болып жетеді. Мағжан Жұмабаев 20 жасында «Өткен күн» деген өлеңін жазады. Ол өлең 1913 жылы «Қазақтың кешегі күйі» деген атпен «Ызың» атты қазақ ақындарының өлең жинағына енеді. Екінші рет 1922 жылы толықтырылып Қазан жинағында жарық көреді. «Өткен күн» өлеңіндегі жер атаулары, тарихи тұлғалар есімі, елді басқару, әділдік пен шындықтың үстемдік етуі, адамдар арасындағы қарым-қатынастың тазалығы оқырманды еріксіз сол бір ғажап әлемге алып кетіп, жүрекке жылылық нәрін береді. Жердің бес құрлығы сияқты Қазақстанның бес өзені: Еділ, Жайық, Сырдария, Ертіс, Жетісу арасы қазақ жері – Сарыарқа деп аталады. Сол жерді мекен еткен баласының есімі – Айбынды Ер Алаш деп аталады. Өлең де дәл осылай басталады.

Еділ, Жайық, Сырдария

Белгілі жұртқа ескі су.

Тәтті, дәмді тармақты

Ұзын Ертіс, Жетісу

Осы бес су арасы

Сарыарқа деген жер еді,

Туып-өскен баласын

«Айбынды ер алаш»– дер еді. [3, 54б]

Бұл – өлеңмен жазылған қазақ жерінің картасы. Енді бұл жердегі адамдардың өмір сүру образы қандай?

Еркін шауып ойнақтап,

Тілеген отын жер еді.

Қонысы – жібек, ну тоғай,

Айдын шалқар көл еді...

Қайыры көп ағайын,

Кедейде жоқ уайым –

Керек болса бір тайын

Сұраусыз ұстап мінеді.
Болсын жаты, жақыны,
Жоқ асынан тартыну.
Жылы жүзді бәйбіше
Керсендей үлкен аяқпен
Ұстата саумал береді. [3, 54]

Бұл – қазақ салты, қазақ бейнесі. Асқа да, малға да жомарт, жатсынуды білмейтін қазақ осы болатын. Жеріне де, малына да өзі ие. Ағайын бір-біріне қарасады, ренжімейді, жылы жүзбен қарым-қатынас жасайды, күледі, қалжыңдасады. Ақын бұл суретті былайша жырлайды: «...Бұйық жатқан кең дала, Бейне бір жаны енеді»

Рас, ел іші болған соң дау-дамай болмай тұрмайды. Онда бітімге биге келеді. Қазақтың ежелден дала заңы бар, оны халық: «Қасымның қасқа жолы», «Есімнің ескі жолы» деп атап кеткен. Осы жолдан би таймайды, елден пәре алмайды, әділ билігін айтады. Ақын халықтың осы дәстүрін де тамаша жырлайды. Ендігі жерде ақын ер, тарихи тұлғалардың елді ұстаған билігін мақтан етеді. Ол тұлғалар: Хақназар хан, Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлар, Қаз дауысты Қазыбек, қара палуан Жәнібек, Шөже, Орынбай, Жанак, Біржандар. Олардың ерлігі, билігі, өнеріне баға жетпейтінін сағынышпен толғайды. Қазақтың өткен күнін аңсайды.

Өткен күнді ойласам,
Ойға терең бойласам,
Кешегі қайран қазақтың
Сәулеті мен дәулеті
Көз алдыма келеді...
Күшің кеткен баяулап,
Жүрсің атсыз жаяулап.
Ит надандық желкеңде
Шабайын деп аңдып тұр

Қылышын ұстап таяулап,[3,55] - деген өлең шумағынан XX ғасыр басындағы Ресей империясының боданы болған қазақ елінің тағдырын шынайы суреттейді. Сәулеті мен дәулетінен айырған халықтың бостандығы жоқ, аузын ашса, қарсылық білдірсе желкесінде тұрған надан басын шапқалы тұр. Ол «қылыш» халқымыздың қаншама арда ұлдарының басын шапқаны баршаға белгілі. Еліне жаны ашыған ақын өлеңінің соңында жұртын сүйген жүрекпен:

Арыстаным, сұңқарым,
Қажымас, талмас тұлпарым,
Басың көтер, тұр енді!
Батқан екен ол Күнің,
Жеткен екен бұл түнің,
Өткенді ойлап қайғырма...
Заман – түлкі, тазы бол,
Базарша дүкен құр енді,— дейді. [3,56]

Қазақ деген халықтың тарихын білгісі келген адам Мағжан ақынның осы өлеңін зерделеп оқыса көп нәрсеге қанық болары ақиқат.

«Өткен күн» өлеңіндегі тарихи тұлғалар: Хақназар, Абылай хан, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Қазыбек би, Шөже ақын, Орынбай ақын, Біржан сал.

Мағжан Жұмабаевтың біздің тақырыбымызға келетін тағы бір шығармасы – «Түркістан» өлеңі. Түркістан мұсылман жұрты үшін киелі, қасиетті жер болып саналады. Оның себебі Түркістанның тарихына байланысты болса керек. Ақын 25 шумақтан тұратын «Түркістан» өлеңінің 19 шумағында Тұран тарихы туралы сөз қозғайды.

Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб.
Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесің, тарихты ашсаң Тұран жайын. [3,160]

Алып Ер Тоңға – біздің дәуірімізге дейінгі II–I ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға. Алып Ер Тоңған тұран жерін жаудан қорғауда ерлік көрсеткен батыр әрі патша. Алып Ер Тоңға туралы ежелгі Орхон ескерткіштерінде жазылған. Одан кейін Алып Ер Тоңғаның тарихи тұлғасы мен дастандағы әдеби бейнесі жайында кезінде Әбу Райха әл-Бируни Махмұт Қашқари, Мухаммед Хайдар Дулати, Хамза Исфাহани Рашид Әддин т.б. аса құнды пікірлер айтқан. Бұлардың бәрі де жырдың басты қаһарманы Алып Ер Тоңғаны мемлекет қайраткері ретінде сөз етеді. Олар, әсіресе Тұран мен Иран арасындағы соғыста Алып Ер Тоңға өзін аса дарынды әскери қолбасшы ретінде танытқанын ерекше атап көрсетіп отырады. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанының Алып Ер Тоңғаны жырлауға арналған бөлімін «Мақтауға тұрарлық қасиеттер және ізгі істердің пайдасы туралы» деп атаған. «Құтты білік» дастанының [5,101-102] 277-бетінен бастап 286-бетіне дейінгі аралықта түгелдей дерлік Алып Ер Тоңғаның ізгілікті істері, асыл тектілігі, даналығы, Тұран елін басқарудағы көрегендігі, дарынды қолбасшы, қарапайым халыққа қамқоршы болғаны, жомарттығы, мәрттігі, т.б. ізгі қасиеттері мадақталады. [6]

Тұранның билері бар Тарағайдай,
Сол биден Темір туған от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарқ етіп өте шыққан найзағайдай.

Тұранды мақтамаймын тіпті текке,
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке. [3,160]

Әмір Темір 1336 Түркістанда өмірге келген (18. 2. 1405, Самарқан дүние салды) қолбасшы, мемлекет қайраткері. Барлас тайпасының биі Тарағай бектің баласы. Темір әулетінен ұлы ғалым Ұлықбек (1394 -1449), Моғол империясын құрушы Бабыр (1483-1530) сынды атақты адамдар шықты. [7]

Асыл қан - қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан — Ибн-Сина Әбуғали.
Молдығы білімінің сиқыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын!
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?! [3,160]

Әбуәли ибн Сина – ғалым, пәлсапашы, астроном, Толық аты-жөні *Абу Али Хусейн ибн Абдаллах Ибн Сина*, еуропалық дәстүр бойынша ол Авиценна деген атпен мәлім. Ибн Сина өзінен кейін зор шығармашылық мұра қалдырып кетті: ертедегі деректерге қарасақ, ол 456-ге жуық еңбек жазды, бірақ бізге дейін оның 240 кітабы ғана жетті, ол еңбектер поэзия мен философиядан бастап, геология және астрономиямен аяқталып, білімнің барлық саласына арналған. Үлкен атаққа Ибн Сина дәрігер, ғалым және фармацевт ретінде ие болды. Ол бар болғаны 57 жыл өмір сүрсе де (980-1037 жылдары), оның өмірі мен дарыны осы уақытқа дейін аңызға айналып келеді. [http://kk.wikipedia.org]

Әбу Насыр Әл-Фараби Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870 - 950 ж. ш.) ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика музыка зерттеушісі. [8]

«Түркістан» өлеңінің соңғы шумақтарында ұлы Тұранның бөлшектеніп кеткен тұсын: «Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?» деп, түркі жұртының ата жұрты болып қалған шаңырақ иесі қазақтың құрған хандығы туралы айтылады.

...Қазақтың қасқа жолды **Қасым** ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады **Назар**дайын,
Алашқа **Есім** ханның жолы дайын.

Тәукедей данышпан хан құрған екен
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.
Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.

Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны — **Абылай** ері...
Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,
Түркістан алты алашқа болған Кебе.
Тұранның топырағын құшып жатыр
Кешегі ердің ері көкжал **Кене**. [3,160-161]

Мағжанның қазақтың төл атымен аталған алғашқы хандығының көсемдерін атамай "Қазақтың қасқа жолды Қасым ханын" атауының себебі осы хан тұсында қазақ мемлекеті айналасына танылып, сол өңірдегі қуатты елдер қатарына қосылды. Қазақтың тұңғыш тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Қасым хан: «Дешті Қыпшақ даласын толық биледі. Оның әскерінің саны мың-мыңдаған адам еді. Жошы ханнан кейін ол жұртта одан ұлы хан болған емес» [6] деп жазған болатын. Ақын «Өткен күн» өлеңінде айтқан тарихи тұлғаларды осы өлеңінде де қайталайды. «Әділ хан аз болады Назардайын»,– деп, Хақназарды атайды. Қазақ хандығын нығайтуда ерекше еңбегімен танылғандар қатарында бұл өлеңде де «Алашқа Есім ханның жолы дайын», — деп Есім ханның ескі жолын еске алады. Қазақ хандығының тағы бір дәуірлеген тұсы – бұл Тәуке хан тұсы. Ақын бұл Тәуке ханның кезіндегі елде «Жеті Жарғы» дайындалып, «Билер кеңесі» ықпалымен халық пен билік арасында түсіністік, тәртіп орнауын, үш жүздің басын қосып Күлтөбенің басындағы жиындарда (Құрылтайда) ел бірлігі көкейтесті мәселелерін талқылауы, Тәуке ханның ақылды стратегиясын қолдануының арқасында елде жиырма жылдай тыныштық орнайды. Ақын оны Тәукедей ханның данышпандығының арқасы деп түсіндіреді. Мағжан Қазақ хандығында шоқтығы биік Абылай ханды да мақтанышпен жырлайды. Ақын оны «Алаштың арыстаны Абылай ер» деп бағалайды. Бұл ұлы ханның қазақ мемлекеттігінің ең ауыр кезеңдегі солтүстіктен Ресей империясы, шығыстан Цин империясының қысымына, осы екеуінің қаруландырып қолдауымен сол кездегі қуатты мемлекеттердің бірі Жоңғар хандығының жорықтарына төтеп берген, қазақтың басын біріктіріп, жауға аттанған ерлігін айтқан еді.

Сонымен ақын бұл екі өлеңінде Қазақ хандығының әр кезде абыройын асқақтатқан Қасым, Хақназар, Есім, Тәуке және Абылай сияқты хандардың өрлігін, өресін, ерлігін жырға қосады.

Ақынға «ескіні көксейді» деп, сол заманда жала жапқанымен, елін сүйген, елінің тәуелсіздігін армандаған ақын есебі тәуелсіз Алаш автономиясын құру болатын. Осы ұлттық идеяға топтастырудың жолы, ерлердің рухын көтеру мақсатында Тұранды билеген, тәуелсіздігін бермеген хандардың ерлігімен қанаттандыру еді.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы – тарихи поэма. Поэма 1923 жылы «Шолпан» журналында жарияланған. Филология ғылымдарының докторы, профессор Р. Нұрғалиев М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын жазуына Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасыр батырлары жөніндегі тарихи аңыздар» зерттеуіндегі Абылай мен Баянға байланысты келтірілген әңгімелері түрткі болғаны анық. Себебі Шоқан айтқан деректер поэмадан орын алған» [9]

Поэма оқиғасы іштей екі бөліктен тұрады. Біріншісі батыр Баянның қалмақ елін шауып, қалмақтың ару қызын қолға түсіруі, оған ғашық болу хикаяты, екіншісі хан Абылай және оның қасындағы батырлар.

Мағжан ақын біз талдаған алғашқы екі шығармасында өзінің психологиялық күйін, өткен қазақ өмірін аңсап жазса, «Батыр Баян» поэмасында сюжет арқылы, сол заманның бүкіл тарихын, заманындағы кейіпкерлердің әрекеті, сезімі арқылы, эмоционалдық көңіл-күймен жырлайды.

Бұл шығармасының дүниеге келуі де ақынның бодандықтан бостандыққа, еркіндікке шығуын қалауы. XX ғасырдың 20 жылдарындағы қазақ елінің басынан өткізген қайғы-қасіретін тілмен айтып жеткізу де қиын. Сондай кезеңде ақын тағы да тарих парағын аударып, осы шығармасын тудырады. «Жүрегім, мен зарлымын жаралыға, Сұм өмір абақты ғой саналыға... Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң, Толғанып қарауым сол баяғыға» [3,191]

Оқиға Көкшетауда, Бурабайда өтеді. Ақынның Көкше табиғатын суреттеуі ғажап. Біздің зерттеуімізге қатысы болмағандықтан ақынның көркемдік шеберлігін әңгіме етпейміз. Біздің әңгімемізге арқау болатындар: тарихи тұлғалар, қазақ батырлары. Осы поэмада Абылай ханнан басқа он жеті батырдың есімі аталады.

Ақын Абылайдың алашқа қорған болған қасиетін ерекше жырлайды. Ал Баянның қадірін Абылайдың мына бір сөзі арқылы арттырады. ...Шыдамы кеткен батыр, билерге Абылай батыр Баян келмесе жауға аттанбайтынын хабарлайды. Абылай ханның жиналғандар ішінде Қанжығалы Бөгенбайдай, Қошқарұлы Жәнібектей әйгілі қолбасшы батырлар, Бұқар, Тәтіқара сияқты жыраулар барында жас батыр Баянды сонша күтуінің біздіңше екі себебі бар сияқты. Біріншісі, Баян поэмадағы оқиғаның баяндалуынан байқалатындай ханды сыйлататындай Абылай сөзімен «наркескен», «қайтпас болат», жауын қорқытатын сұстылығы тақылетті өзгелерден ерекше дара тұлғалығы. Екіншісі, ханның өз басының бір қарағанда Абылайдың әйгілі қаталдығына үйлесіңкіремейтін мінезі — өзіне ебелектегендерден гөрі хан деп қаймықпай қисынды ойын тура және қарсы айта алатын жүректі, батыл адамдарды ұнататыны. Поэмада хан Баянның кешігіп келгенін, оның артында бір сыр барын сезеді, әрі оның мәнісін сұрамауына құлақ асады және ханның жарлығына қарсы сөз айтуын түсіністікпен кешіреді.

Абылайдың Баянмен кездесу эпизодынан хан мінезінің мынадай қырларын байқауымызға болады: біріншіден, мінезінің кеңдігі, сабырлылығы: 1) хан басымен ештеңе деместен жас батырдың кешігуіне және сырын айтпауына кешіріммен қарайды; екіншіден, сардарларымен сыйластығы, жас батырын кешіріп қана қоймайды жанынан орын беріп отырғызып, аса үлкен құрмет көрсетеді.

Абылай бейнесінің тереңірек ашылатын жері, қалмақ елшілерінің тілегіне байланысты хан әрекеті. Абылай қалмақ ұсынысын оң көріп, жауынгерді қырмауды ойлап, қайтпақ болады, яғни қателеседі, Баян ханның қателігін бетіне айтады.

Поэманың соңы батыр Баянның жолдастарымен жауға «Абылайлап» тиісіп, біраз қыруы, бірақ көп күшке шамасы келмей батырдың мерт болғаны, мұны көрген Абылайдың Баянға көмекке қалмақтарға қайта шабуымен, ал қалмақтар «Абылайдан сескенген соң, жөнелді ертеңіне Қытайға ауып» - деген жолдармен аяқталады.

Бұл поэмада Абылай ханның тек тарихи тұлғасы емес, сонымен қатар көркем бейнесі де ашылады. Бұл әрине ақынның шеберлігі.

Қорытынды

Мағжан шығармаларындағы тарихи тұлғалар тізбегі өте көп. Біз бір баяндама шеңберінде оның бәріне бірдей тоқталуға мүмкіндік таппадық. Біздің қорытындымыз: Ұлы ақынның тарихи тұлғаларды ұрпақ жадында мәңгі қалдыруды мақсат тұтуы – қазақ елінің болашағына сенгендігі деп білеміз. Ақын жырлаған тарихи тұлғалар бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің тәуелсіздігін сақтап, Әділетті ел болу идеясын шындыққа айналдыруда рухани тірек болатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмабаев М. «Педагогика» - Ташкент, 1922 ж
2. Жұмабаев М. «Жас азамат» газеті, Қызылжар - 1981/1
3. Жұмабаев М. «Сүй, жан сәулем» Өлеңдер мен поэмалар – Алматы: Атамұра, 2002
4. Жүсіп Баласағұн. «Құтадғу білік». Түркістан - 2004, 541
5. Мұхаммед Хайдар Дулати. «Тарих-и Рашиди». Алматы: «Тұран», 2003, 616
6. Ер Тоңға – Уикипедия, қазақша ашық энциклопедия
7. Отырар. Энциклопедия – Алматы «Арыс», 2005
8. [http.kk.wikipedia.org](http://kk.wikipedia.org) сайты
9. Нұрғалиев Р. «Мөлдір сезім, биік парасат». М.Жұмабаев. Үш томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Ақын туралы жазылғандардан. Алматы, «Ғылым», 1992, 491-502 б.б

